

2025 жылғы 29 қыркүйектен 4 қазанға дейінгі Астана қаласына жасалған іссапар бойынша ЕСЕП

2025–2027 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің» гранттық қаржыландыруы есебінен «Қазақстанның жануарлар және өсімдіктер дүниесін қорғау: браконьерлікпен күрестің проблемалары және олардың шешу жолдары» тақырыбындағы АР27510473 жобасы бойынша ғылыми командировкаларды орындау кестесіне сәйкес, Қарағанды Қазтұтынуодағы Университеттің Ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, философия докторы (PhD), жобаның жетекшісі Садвакасова А.Т. және құқық ғылымдарының магистрі Мәжіт І.Б. (жобаның кіші ғылыми қызметкері) 2025 жылғы 29 қыркүйектен 4 қазанға дейін Астана қаласына ғылыми іссапар жасады.

Жоспарға сәйкес, «Esil University» университетінің басшылығы және Қолданбалы ғылымдар факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамымен кездесу өткізілді және олар зерттеу тақырыбымен таныстырылды.



Сонымен қатар, факультет деканымен және «Құқық» және «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамымен кездесу өтті.


Бекітілген іссапар жоспарына сәйкес, зерттеу тобының қатысушылары студенттерге оқу сабақтарын өткізді, сондай-ақ факультет оқытушыларының қолдауымен зерттеу тақырыбына арналған ғылыми семинар ұйымдастырылды. Эмпирикалық деректер жиналып, сауалнама жүргізілді.



Іссапар аясында университет кітапханасымен танысу ұйымдастырылды, зерттеу тобы арнайы құқықтық және ғылыми деректер базаларын жан-жақты зерттеп, профильдік ғылыми әдебиеттермен алмасу жүргізді.



Табиғатты қорғау ұйымы «Squadro Group» басшылығы Рыстафин Талғат Данықбековичпен және жануарларды қорғау саласының мамандарымен кездесу өтті. Сондай-ақ, Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасын (экологиялық реттеу бөлімі және ветеринария мен фитосанитария бөлімі) аралап, экологиялық реттеу бөлімінің басшысы Сагинтаев Сағыныш Қуатовичпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында аталған бөлімдердің қызметімен танысу жүзеге асырылып, жүргізіліп жатқан зерттеудің негізгі бағыттары мен мақсаттары таныстырылды.



Іссапар барысында Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтына бару ұйымдастырылды. Визит аясында институт директоры Аубакирова И.У.мен кездесу өтті, барысында мекеменің қызметімен және құрылымымен танысу жүргізіліп, сондай-ақ атқарылып жатқан зерттеудің негізгі бағыттары мен мақсаттары таныстырылды.

Бұдан бөлек, институттың ғылыми қызметкерлерімен кездесу өткізілді, оның барысында зерттеу тақырыбы бойынша лекция оқылып, зерттеудің мақсаттары, міндеттері және қолдағы нәтижелері баяндалды. Сондай-ақ эмпирикалық деректер жинақталып, зерттеу тақырыбы бойынша сауалнама жүргізілді.

Экологиялық және қылмыстық құқық саласының маманы Бекишева С.Д.пен кездесу өтті, онда Қазақстан Республикасының жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері, браконьерлікке қарсы күрестегі проблемалар және олардың шешу жолдары талқыланды.



Іссапардың қорытындысы бойынша жоспарланған іс-шаралар сәтті жүзеге асырылғаны және қойылған мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалғаны туралы тұжырым жасауға болады. Өткізілген кездесулер, лекциялар және ғылыми талқылаулар зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және практикалық білімді тереңдетуге мүмкіндік беріп, кәсіби байланыстар орнатуға және құнды эмпирикалық материал жинауға жағдай жасады.

Сапар нәтижелері маңызды ғылыми-практикалық маңызға ие болып, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау саласында заңнаманы жетілдіру және құқық қолдану практикасын дамытуға бағытталған әрі қарайғы зерттеу жұмыстарында қолданылатын болады.